

Карашева Ж.Т.
**Бала асырап алу
институтының даму тарихы**

Бұл мақаланың бастапқы мәселесі бала асырап алу, қамқоршы мен қорғаншы тағайындау, патронат тәрбиеші тағайындау болып табылады. Бала асырап алу – ежелден бері келе жатқан институт. Оны ерте кезден білген және кең таралуына жәрдемдесті. Бұл институт негізінен рим құқығынан тараған. Ол қазіргі уақыттағы барлық құқық жүйесіне белгілі. Қазіргі кезде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың бірнеше нысандары қалыптасқан. Бұлардың ішіндегі маңыздысы және күрделісі – бала асырап алу.

Түйін сөздер: қамқоршы, қорғаншы тағайындау, патронат тәрбиеші, бала ғып асырап алу.

Karasheva Zh.T.
**The development history of the
institute of child adoption**

The main issue of this article is about the adoption of child, to appoint guardian, protector and foster parent. The adoption of child is an ancient institute. It was known from ancient times and was spread widely. Generally this institute was spread from Rome rights. It is well known among current legal framework. There were formed new ways of accommodation of children who is without care of parent. The most difficult and complex is adoption.

Key words: a guardian, to appoint protector, a foster parent, adoption.

Карашева Ж.Т.
**История развития института
усыновления**

Главной проблемой этой статьи является усыновление (удочерение), назначение опеки и попечительства, назначение патронатного воспитателя. Усыновление – институт, который берет свое начало с давних времен. О нём знали с давних времен и помогали широкому распространению. В сущности, этот институт распространился со времен римского права. Это известно всей нынешней правовой системе. В данное время сформировалось несколько форм размещения детей, которые остались без опеки родителей. Самой важной и сложной является усыновление (удочерение).

Ключевые слова: опекун, назначение попечителя, патронатный воспитатель, усыновление (удочерение).

БАЛА АСЫРАП АЛУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Бұл мақалада Бала асырап алу – ежелден бері келе жатқан институт. Оны ерте кезден білген және кең таралуына жәрдемдесті. Бұл институт негізінен рим құқығынан тараған. Ол қазіргі уақыттағы барлық құқық жүйесіне белгілі. Бала асырап алу институтының тарихына үңілсек, Ежелгі орыс, Қазақ хандығында ежелден-ақ қалыптасқан қатынас. Ежелгі орыс мемлекеттерінде бұл институт «жасанды ұл», яғни отбасына сырттан басқа адамды мүшелікке қабылдаған. Кейін орыс мемлекетіне христиан діні енген соң отбасына бала асырап алу шіркеудің ерекше актісінің негізінде жүзеге асып отырған. Ол ерекше шіркеуде өткізілетін «ұлды болу» рәсімімен рәсімделіп отырған [1]. Бұл рәсімнен кейін бала асырап алу күшіне енуі үшін епархиалық архиерден арнайы шіркеулік рәсімнен өткізуі керек болған.

Ежелгі орыстың әдет-ғұрып заңдарында бала асырап алудың әртүрлі сатылардан өтуін көрсетеді. Соның бірі «жалғантуыс» дәстүрі. Бұл бойынша асырауға алынған баланы қанға боялған көйлекке орап, асырайтын ер адам тіпті баланы босандыруға қатысқан. Бұл, әсіресе, ағасы қайтыс болып, оның әйеліне үйленіп, оның баласын бала ғып алу, басқа бөтен баланы асырап алу кезінде қолданған. Бұл дәстүрдің мақсаты – асырап алған баласын өзінің туған баласындай ант ішіп асырап алған. Бірақ бұрынғы кезде бала асырап алудың мақсаты өзгеше болған, онда отбасына бөтен адамды қабылдау арқылы, қоғамдастықтың санын көбейту, жан басын көбейту болған. Патриархалдық әке билігі жүзеге асырылған отбасыларда отбасына бөтен адамды қабылдау: отбасына бала алу, отбасына құл алу, примактар (сырттан отбасына қабылданған адам) қабылдаудың да мақсаты осы мақсатпен ұштасып отыр. Ежелгі қазақ халқында да бала асырап алу мәселесі бұрынғы заманнан бері-ақ қалыптасып отыр, тіпті ол біздің салт-санамызға да сіңіп кеткен [2]. Баласы жоқ адамға бауырына бала беру, бала көтермеген әйелге бала асырау жақсы ырымға баланып, одан әрі ол адам балалы да болған және де бұл дәстүр біздің әдет-ғұрпымыздың үйреншіктілерінің біріне айналған. Ал қазіргі кезде, бала асырап алудың мақсаты да өзгерген, қазіргі кезде бала асырап алудың мақсаты – перзент сүймеген ерлі-зайыптылардың балаға деген құштарлығы.

ғын оятып, балалы болуына мүмкіндік беру, ұрпағын қалдыру болып табылады.

Бала мен ана мүддесіне қамқор болу әрқашан мемлекет пен қоғамның саясатының сипаттық белгісі. Бұл материалдық жағдайын және мәдени тұрмысын қамтамасыз етуге бағытталады. Қазіргі кезде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың бірнеше нысандары қалыптасқан. Оған мысалы бала асырап алу, қамқоршы мен қорғаншы тағайындау, патронат тәрбиеші тағайындау. Бұлардың ішіндегі маңыздысы және күрделісі – бала асырап алу. Бала асырап алушы ата-анамен бірдей құқықтық дәрежені иеленеді. Бала асырап алу бөтен балаға байланысты ата-аналық міндеттерді ерікті түрде қабылдауды білдіреді.

Бала асырап алудың тағайындалуы былайша анықталады, өйткені ол ата-аналық бақылаудан және ата-ананың қамқорлығынан айырылған балаларды тәрбиелеудің маңызды нысаны.

Бала асырап алу – бұл ата-ана мен бала арасындағы болатын құқықтық қатынастарды бір-бірімен шығу тегі нақты түрде байланысты емес адамдардың арасында бекіту. Баланы ұл немесе қыз етіп асырап алудың құқықтық жағдайлары бірдей.

Аталған институт бойынша қарастырылатын бала асырап алу бір ғана қоғамдық мәселені шешпейді. Ол сонымен қатар бала алушылардың да мүдделерін қанағаттандырады, баласы жоқ жанұялардың өмірлерінің мазмұнды болуына, отбасының толық болуына да жәрдемдеседі. Көрнекті педагог А.С. Макаренко баласы аз және баласы жоқ жанұяларға болай деген болатын: Өз жанұяларыңызға бөтен баланы алыңыз. Оларды өз балаңыздай сүйіңіз, мен оны туған жоқпын дегенді ұмытыңыз және ең бастысы ол үлкен қайырымдылық жұмыс[3]. Басқа да Шығыс Еуропа елдері де бала қылып алу институтының қайырымдылық мақсатын көздейді.

Сондықтан бала қылып алу нәтижесінде маңызды моральдық-құқықтық мақсат туындайды: ол әр бала асырап алушының санасына оның жауапкершілігін және міндеттің қиындығын жеткізу, жауапкершілікті жүктеу. Бірақ бала қылып алушылардың санасы жай ғана баланы жақсы көруден ата-аналық махаббатқа ұласуы қажет. Онда, ата-ана мен бала арасына ішкі сезім күштеріне байланысты қолайсыздық болуы мүмкін, ал бала қылып алушы мен бала болушының арасындағы саналы қылықтар көрінуі қажет. Бала асырап алғаннан кейін төзімділік пен мейірімділік жылдар бойы тер төгуге тура келеді. Бала асырап алушының әрекеті үлкен дәрежеде-

гі тәрбие беру мен әлемді толыққанды тану мүмкіндігіне байланысты болады. Демократиялы қоғам жанұяға үлкен мән береді, жанұяны және жанұялық тәрбиені жоғары бағалайды. Демократиялы қоғамда жанұя ері мен әйелінің тең құқығына, жанұяның және қоғамның мүддесінің біртұтастығына негізделеді. Мемлекеттің саясаты да баланы жанұяда тәрбиелеуді басты қағида ретінде нормативтік құқықтық актілерде бекітті.

Бала қылып алу институты кеңестік заңдармен танылған жоқ. 1918 жылғы Азаматтық хал-актілері, некелік, жанұялық және қамқоршылық құқығы туралы заңдар кодексінің 183-бабы былай деп бекітті: Осы заңның күшіне енген уақытынан бастап өз туғанын, бөтен баланы да бала қылып алуға жол берілмейді. Барлық бала қылып алу осы бапта көрсетілгеннен кейін жүргізілсе, бала қылып алушы мен бала боп алынушыға ешқандай құқықтар мен міндеттер туғызбайды.

Кеңес мемлекеті өзінің алғашқы жылдарында бала қылып алуды мойындамады. Бірақ бұның да себептері болды. Өйткені Революцияға дейін бала қылып алу көп жағдайда баланың еңбегін пайдалану үшін болды. Бұдан басқа да себеп болды: бала қылып алу институты арқылы: мұрагерлікті жою туралы 1919 жылғы декретті айналып кетуге болатын еді, бұл бойынша мұрагерлік белгілі бір лимит бойынша шектелді. Бірақ мұра қалдырушының қарауындағы адамды қамтамасыз етуге рұқсат етілді, әрине бұған бала боп алынғандар кірді[3].

Бірақ бұл себептер ұзаққа тарамдады: қамқоршы органы нығайды, ал мұрагерлік лимиті жойылды. Сонымен бірге жанұялық тәрбиеге бала қылып алу жолымен мұқтаж балалар саны өте көп болды. Сондықтан бала қылып алу институты 1926 жылы, әуелі Ресейден, содан кейін басқа да одақтас республикалар болып кеңес заңымен танылды және одан кейін кең тарайды.

Бұл баламен жұмыс істеу үшін, балалардың қадағалаусыз және бетімен кетушілігін алдын алу үшін. Балалар үйінің жұмысы қамқоршылықтың барлық түрін пайдаланудың қажеттігін көрсетті, соның ішінде бөтен балалардың тобымен де тәрбиелеу. Сонымен баланы тәрбиелеудің ең жақсы нысаны баланы балалар ұжымымен байланыстыратын жанұяда тәрбиелеу. Екінші жағынан, кеңес азаматтары тарихынан өз жанұясына бала алуды тілеген көптеген өтініштер түсті.

Бұл себептер бала қылып алуға тыйым салудың барлығын жоюға алып келді, сондықтан

одан кейінгі тыйым салулар мақсатсыз және өмірдің талабына қарсы, жетім балалардың мүддесіне қарсы болатын еді.

Бала асырап алу азаматтың үлкен психикалық жігеріне және жан дүниелік толқуына да байланысты. Бала асырап алушы баланы өз туған баласындай көріп бауырына басады. Осыған байланысты ең маңыздысы бала асырап алушылар өте ықыласты, нақты зер салып қараушы адамдар болуы қажет. Өйткені, бұл ең жауапты іс – бала тәрбиелеп қана қоймай, ол баланы асырап аяғынан тік тұрғызу керек [4].

Бұл жерден анықталғандай, баланы асырауға беру үлкен сақтықпен орындалуы әрі үлкен жауапкершілік жүктейді. Кейде немқұрайлылық, асығыстық, баланың мүддесін жалған түсінікпен түсіну үлкен қайғылы қиын салдарға алып келуі мүмкін, онымен қоса көптеген адамдардың тағдарына қиянат болуы мүмкін. Көптеген шет мемлекеттердің отбасы заңдары бойынша, мемлекеттердің заңдары маңызды жалпы белгілерімен сипатталады: олардың бәрі бала қылып алуға кәмелеттік жасқа толмаған балаларды ғана жібереді және оның мүмкіндігі баласының бар-жоғымен байланыстырмайды. Бала қылып алу жанұяны берік етуде елеулі рөл атқарады. Некенің көпшілік бөлігі отбасында бала болмағандықтан бұзылады. Бала қылып алу бұл жетіспеушілікті толтырады, ал жанұя сақталып қалады. Жұбайлардың бірінің баласын бала қылып алуы да жалпы жанұя жағдайын жақсартуға жағдай жасайды.

Бала қылып алу алдына баланың ата-анасын жоқтатпау мақсатын қояды. Бұл мақсат баланың мүддесі үшін, сонымен қатар ата-ананың балаға деген рухани қажеттілігін қанағаттандыру мүддесін де көздейді. Бірақ бұл қайырымды мақсаттарға жай ғана не әлеулі түрде жете алмаймыз.

Құқық тек қана бала қылып алудың кейбір қатынастарын ғана реттейді, ал бірақ ол бала қылып алуға ресми және тұрақтылық сипат береді. Кімді де болса баланың әкесі не шешесі болуға міндеттемеу қажет. Белгілі бір адам өз еркі бойынша мұндай қадам жасау шешіміне келсе, заңмен реттеледі, бала қылып алу актісі бұл шешімнің беріктігін қамтамасыз етеді және баланың мүддесін қорғайды.

Бала қылып алушы тек қана кәмелеттік жасқа толғандар болады. Әке мен кәмелеттік жасқа толған баласы арасындағы жанұялық құқықтық қатынасты бала қылып алу жолымен бекітуге болмайды, егер де әке өзінің туған баласы екенін тек оның кәмелеттік жасқа толған соң ғана білген жағдайда.

Бала асырап алған соң, сол жанұяның мүшесі болады, әкесінің және шешесінің барлығына толық ұйғарымы болуы қажет. Сондықтан дұрыстығы баланы жұбайлар немесе баланың шешесінің күйеуі (өгей әке) немесе әкесінің әйелі (өгей шеше) бала қылып алу. Бала қылып алудың мақсаты баланы жаняұда тәрбиелеу болып табылады, сондықтан бала қылып алуға кәмелеттік жасқа, 18 жасқа толмағандарға ғана байланысты қолданылады. Себебі, Қазақстан Республикасы бала құқығын қорғау туралы заңға сәйкес, 18 жасқа толмаған адам бала болып саналады. Сондықтан асырауға кәмелетке толмаған адам беріледі.

Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілегі шектеулі деп танылған адамдарды; сот біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған ерлі-зайыптыларды; сот арқылы ата-ана құқықтарынан айырылған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды; өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылық (қамқоршылық) міндеттерден шеттетілген адамдарды; егер өз кінәлары бойынша сот шешімімен бала асырап алудың күші жойылса, бұрынғы бала асырап алушы адамдарды; денсаулық жағдайы бойынша ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдар бала асырап алушы бола алмайды. Баланы асырап алуға, оны қорғаншылығына (қамқоршылығына) алуға, патронатқа алуға болмайтын адамның тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

1926 жылғы Неке, жанұя, қамқоршылық туралы кодексте бала асырап алу қарастырылды. Ал, 1939 жылғы Орталық Атқару комитеті отбасына көптеген тыйым салуларды енгізді.

1943 жылы ССР Жоғары Кеңесі Президиумы Бала қып алу туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда асырап алынған баланың жазу тәртібі қарастырылған. Бұдан кейінгі заң 1968 жылы шықты.

1998 жылы Егеменді Қазақстанның жаңа «Отбасы және неке туралы» заңы бала асырап алу туралы жаңа заңдылықтар, бала қып асырап алу тәртібін қарастырды.

2000 жылы «Жасөспірімдер үйі және отбасылық ауылдық балалар үйі туралы» заң қабылданды.

Бала қып асырап алудың негізі болып – сот шешімі танылады [5]. Бала ғып асырап алу туралы шешімді сот шығарады және бала қып асырап алудың құқықтық салдары тек сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана пайда болады. Бала қып асырап алу күрделі юридикалық айғақтар

болған жағдайда пайда болады. Ол: асырап алушының ерік білдіруі және асырап алу туралы сот шешімі.

Баланың ата-аналарының келісімі және басқа да тұлғалардың келісімі бала қып асырап алуға негіз болатын заңды айғақтар құрамына кірмейді. Бала қып асырап алу бір мезгілде құқықты тудырушы және құқық тоқтатушы мағынада болады. Бала ғып асырап алу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуімен бала қып асырап алушы мен асырап алынушы арасында ата-аналыққа ұқсас құқықтық қатынастар пайда болады – бұл құқықты тудырушы мағынада. Ал, бала қып асырап алумен байланысты бала қып асырап алынушы мен оның ата-аналары және туыстары арасындағы барлық құқықтық қатынастар тоқтатылады. Асырап алынған балалар және олардың ата-аналары және туыстары барлық мүлтік құқықтары мен міндеттерінен екі жақты босатылады.

Бұл ережеден ауытқуға болады, егер баланы бір ғана тұлға асырап алатын болса, бала мен қарама-қарсы жынысты ата-ана арасындағы құқықтық байланыстың сақталу мүмкіндігі. Мысалы, баланы адам асырап алса, анасымен құқықтық қатынасымен сақтау мүмкіндігі. Бала қып асырап алу институтының қалыптастыратын негізгі мақсаты – бала асырап алу кезінде баланың мүдделерін қорғауды жоғары деңгейде қамтамасыз ету. Асырап алушылар кәмелеттік жасқа толған және толық әрекетке қабілетті болуы керек және баладан кем дегенде 16 жас үлкендігінің болуы. Жасы он алтыға жетпеген, кәмелетке толмаған ата-аналардың баласын асырап алғанда, сондай-ақ олардың ата-аналардың немесе қорғаншыларының, патриот тәрбиеленушілерінің келісімі қажет. Бала асырап алуға

ата-аналардың келісімі нотариат куәландырған немесе ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бала тұратын мекеменің басшысы растаған ие бала асырап алу жүргізген орындағы немесе ата-ананың тұрғылықты жеріндегі қорғаншы және қамқоршы орган бекіткен арызда көрсетілуі тиіс, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей білдірілуі мүмкін. Бала асырап алу туралы шешімі шығарылғанға дейін ата-аналар бала асырап алуға өздері берген келісімінің күшін жоюға құқылы. Ата-аналар нақты адамдарға не нақты адамды көрсетпей-ақ баланы асырап алуына келісім беруі мүмкін. Қорғаншы және қамқоршы органдары сотқа баланы асырап алудың баланың мүдделеріне сай келетіні туралы қорытынды береді. Кей жағдайларда ата-аналарының келісімі қажет емес. Мұндай жағдайларда ата-аналарының хабар-ошарсыздығы немесе хабар-ошарсыз деп танылуы, әрекетқабілетсіздігі немесе ата-аналардың ата-аналық құқықтан айырылуы. Бала қып асырап алуға тілек білдірушілер де есепке алынады. Бала қып алуға тілек білдірушілер өзінің тұрғылықты жеріндегі білім басқармаларына арыз бен қажетті құжаттарды тапсырады. Осы құжаттардың негізінде қамқоршы, қорғаншы органдары қорытынды дайындайды. Егерде қорытынды қанағаттанарлық болатын болса, бала асырап алуға кандидат ретінде есепке қойылады. Оларға балаларды тандауға мүмкіндік береді де, бала туралы мәлімет алуға және баламен танысуға мүмкіндік беріледі. Бала асырап алушы тиісті құжаттарын өткізуі керек. Бұндай құжаттарға: жеке басын куәландыратын куәлік пен неке туралы куәліктің көшірмесі, жалақысы мен лауазымдық қызметі көрсетілген анықтама, тұрғын үй, тұрғын жайы бар екендігін куәландыратын құжат т.б.с.с.

Әдебиеттер

- 1 Веберс Я.Р. Правосубъектность граждан в советском гражданском и семейном праве. – Рига. – С. 76.
- 2 Жакыпов. Неке және Отбасы. – Алматы, 1994.
- 3 Антокольская М.В. Семейное право. – М., 1996.
- 4 Азаматтық іс жүргізу құжаттары: Бала асырап алу жөніндегі сот шешімдерінің көшірмелері. – Алматы, 2001.
- 5 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІВ Кодексі (2015.03.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) //Ақпараттық «ПАРАГРАФ», 2016.

References

- 1 Vebers Ja.R. Pravosub#ektnost' grazhdan v sovetskom grazhdanskom i semejnomo prave. – Riga. – S. 76.
- 2 Zhakupov. Neke zhane Otbasy. – Almaty, 1994.
- 3 Antokol'skaja M.V. Semejnoe pravo. – M., 1996.
- 4 Azamattyk is zhurgizu kuzhattary: Bala asyrap alu zhonindegi sot sheshimderiniñ koshirmeleri. – Almaty, 2001.
- 5 «Neke (erli-zajyptylyk) zhane otbasy turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 26 zheltokсандagy № 518-IV Kodeksi (2015.03.12. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) //Akparattyk zhuje «PARAGRAF», 2016.